



QAZAQSTAN ULTTYQ BANKI

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2020 жылғы 06 қаңтар

### **«Баспана» ипотекалық ұйымы» АҚ мен «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ қайта ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Ұлттық Банкі жалғыз акционер ретінде «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ-ты оған «Баспана» ипотекалық ұйымы» АҚ-ты қосу нысанында ерікті қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдады.

Қайта ұйымдастырылған компания «Баспана» ипотекалық ұйымы» АҚ мен «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ қызмет бағыттарын сақтайды:

- екінші деңгейдегі банктерді қаржылық қолдау арқылы банк секторының қаржылық тұрақтылығына жәрдемдесу;

- ипотекалық тұрғын үй қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыру жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны іске асыру, сондай-ақ бағдарламаға сәйкес екінші деңгейдегі банктер берген ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша талап ету құқығын сатып алып, «7-20-25. Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру» ипотекалық тұрғын үй кредиттеу бағдарламасы мен «Баспана Хит» нарықтық ипотекалық өнім операторының функцияларын жүзеге асыру.

Қайта ұйымдастыру банк секторын дамыту және халық үшін ипотекалық қарыздардың қолжетімділік деңгейін арттыру мақсатында «Баспана» ипотекалық ұйымы» АҚ мен «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ активтерін тиімді пайдалануды арттыруға мүмкіндік береді.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мынадай телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 2704 591 (3930)

+7 (727) 330 24 52 (1452)

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)